

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«ЕСЕП, АУДИТ ЖӘНЕ ТАЛДАУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ  
ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

тақырыбы бойынша э.ғ.к., доцент, ҚР білім беру үздігі, «2011-жылдың үздік оқытушысы» грантының иегері, ҚР халықаралық "Болашақ" стипендиясының иегері, тәуелсіз аудитор, кәсіби бухгалтер, ҚР аудиторлар палатасының мүшесі, «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының жетекшісі АЛИБЕКОВА Б.А. 60 жылдық мерейтойына орай ұйымдастыралған G-Global ақпараттық-коммуникативтік интернет алаңындағы халықаралық On-line конференциясының

**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ**

**международной On-line конференции на базе коммуникативной площадки  
«G-global»**

**«УЧЕТ, АУДИТ И АНАЛИЗ: МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРАКТИКА,  
ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

посвященной 60-летию к.э.н., доцента, отличника образования РК, обладателя гранта «Лучший преподаватель 2011 года», обладателя международной степени Президента РК «Болашақ», независимого аудитора, профессионального бухгалтера, члена Палаты аудиторов РК, заведующего кафедрой «Учет, аудит и анализ» АЛИБЕКОВОЙ Б.А.

**PROCEEDINGS**

**of the international On-line conference  
in the frame of communicative platform «G-global»  
«ACCOUNTING, AUDITING AND ANALYSIS: INTERNATIONAL  
PRACTICE, TRENDS AND DEVELOPMENT PROSPECTS**



**Астана, 2017**

**ӘОЖ 657**  
**УДК 657**  
**ББК 65.053**  
**Е 79**

«Есеп, аудит және талдау: халықаралық тәжірибе, тенденциялар және даму перспективалары» G-Global ақпараттық-коммуникативтік интернет алаңындағы халықаралық On-line конференциясының еңбектері - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.- 563 б.

Труды международной On-line конференции на базе коммуникативной площадки «G-global» «Учет, аудит и анализ: международная практика, тенденции и перспективы развития», Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2017.- 563 с.

Proceedings of international On-line conference in the frame of info-communicative platform “G-global” on “Accounting, auditing and analysis: international practice, trends and development prospects”, - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2017.- p.563.

**Редакция алқасы:**

МАҚЫШ С.Б. – төрағасы, э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономикалық факультетінің деканы

БАКИРБЕКОВА А.М. – э.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономикалық факультетінің декан орынбасары

НУРХАЛИЕВА Д.М. – э.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доценті

ТУРЕБЕКОВА Б.О. – э.ғ.к., «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доцент м.а.

БЕЙСЕНОВА Л.З. – э.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доценті

**ISBN 978-601-301-945-1**

**ӘОЖ 330.3**

**УДК 330.3**

**ББК 65.052**

**С 23**

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017

© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2017

изложенные в данном разделе, если управление значимой деятельностью объекта инвестиций осуществляется посредством прав голоса. Полномочия в случае контрольного пакета прав голоса:

- инвестор, который является держателем более половины прав голоса в объекте инвестиций, располагает полномочиями в следующих ситуациях:

- управление значимой деятельностью осуществляется посредством голосования держателя контрольного пакета прав голоса, или большинство членов органа управления, который осуществляет управление значимой деятельностью, назначается голосованием держателя контрольного пакета прав голоса.

Полномочия бесконтрольного пакета прав голоса Инвестор может обладать полномочиями, даже если он не является держателем контрольного пакета прав голоса в объекте инвестиций. Инвестор может обладать полномочиями даже при наличии пакета прав голоса, который не является контрольным пакетом прав голоса в объекте инвестиций.

#### Литература:

1. Закон РК «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 26.12.1995 г. № 2732 (с изменениями и дополнениями на 01.01.2015 г.).

2. Бухгалтерский учет в Республике Казахстан. Стандарты бухгалтерского учета. – Алматы, 2015.

3. Исакова, С. А. Международные стандарты учета и аудита / С. А. Исакова. – Москва, Оргсервис-2000, 2011. – 352 с.

4. Исакова, С. А. Проблемы развития современного бухгалтерского учета / С. А. Исакова. – Одинцово : АНОО ВПО ОГИ, 2011. – 124 с. 3.Исакова, С. А. Современные проблемы развития бухгалтерского учета и аудита в Республике Казахстан / С.А.Исакова. – LAP LAMBERT Academic Publishing GmbH & Co. KG Dudweiler landstr. 99, 66123 Saarbrucken, Germany, 2011.

### БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

*Данаева Р.С.*

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана,*

*Республика Казахстан*

*E-mail: [danaeva73@mail.ru](mailto:danaeva73@mail.ru)*

**Аннотация.** Мақалада коммерциялық емес ұйымдардың бухгалтерлік есепті қйымдастыру ерекшеліктері қарастырылған

**Түйін сөздер:** Коммерциялық емес ұйымдар, субъект, филиал, бухгалтерлік есеп жүйесі.

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности организации бухгалтерского учета некоммерческих организаций

**Ключевые слова:** некоммерческие организации, субъект, филиал, система бухгалтерского учета.

**Annotation.** The article discusses features of the organization of accounting profit organizations

**Keywords:** non-profit organizations, subject, branch, system of accounting.

Қазақстан Республикасының аймағында әрекет етіп тұрған барлық субъектілерге (Қазақстан Республикасының аймағында тіркелген резиденттік емес өкілдіктер мен филиалдар, заңды тұлғалар, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар) қаржылық есеп беруді және бухгалтерлік есепті жүргізу міндеттілігі жүктеледі.

Сот алдында жауап беретін және сотқа шағымдана алатын, өз атынан жеке мүліктік емес және мүліктік құқын жүзеге асыра алатын, сол мүліктерді өз қалауынша оперативтік

тұрғыда басқара алатын немесе шаруашылықты жүргізуге меншік құқығы бар ұйымдарды заңды тұлғалар деп атайды немесе солай деп танылады.

Филиалдар бұл заңды тұлғалардың тұрған жерінен тыс жерде орналасқан және оның барлық немесе кейбір қызмет түрлерін жүзеге асыратын дараланған бөлімшелері болып табылады, оның ішіне өкілдік қызметі де кіреді.

Филиал да, өкілдік те заңды тұлға болып табылмайды. Заңды тұлға коммерциялық та, коммерциялық емес те болуы мүмкін, біріншісінің мақсаты барынша табыс табу және оны өз қалауынша тарата алады, ал екіншісінің өз қалауынша табыс табу мүмкіндігі де және таза табысын өз қатысушыларының арасында бөлу жағдайы да шектелген.

Коммерциялық ұйымдар тек келесідей нысанда құрылуы мүмкін:

- шаруашылық серіктестіктер;
- акционерлік қоғамдар;
- өндірістік кооперативтер;
- мемлекеттік кәсіпорындар.

Коммерциялық емес ұйымдар заң актілерімен қаралған діни бірлестіктерден, қоғамдық қорлардан, тұтыну кооперативтерінен, акционерлік қоғамдардан, қоғамдық бірлестіктерден және тағы басқа ұйымдық нысандарынан құрылуы мүмкін.

Шаруашылық серіктестіктер. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) қосқан үлесі бөліп көрсетілген жарлық капиталы бар коммерциялық ұйымдар шаруашылық серіктестігі болып табылады. Құрылтайшылардың (қатысушылардың) салымдарының есебінен құрылған, сондай-ақ серіктестіктің шаруашылық қызметінде шығарылған және сатып алынған мүліктер серіктестіктердің меншігіне жатады [1].

Қазіргі кезде шаруашылық серіктестіктер толық және коммандиттік серіктестіктер болып құрылады.

Толық серіктестік — мұндай серіктестіктің қатысушылары толық серіктестіктің мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша өздеріне тиесілі барлық мүлікке ортақ жауапкершілікте болады.

Коммандиттік серіктестік — серіктестік міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүлкімен (толық серіктестер) қосымша жауап беретін толық серіктестіктерден және серіктестіктің кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруына араласпайтын, жауапкершілігі серіктестік (салымшылар) мүлкіне өздері салған салымдардың жиынтығымен шектелетін қатысушылардан тұрады. Коммандиттік серіктестіктердің қызметіне араласатын толық серіктестіктің құқылы ережесі және олардың міндеттемелері бойынша жауапкершілігі толық серіктестіктің тәртібімен анықталады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік жарлық капиталы бір немесе бірнеше серіктестік тұлғалардың ұйымдастыруымен құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестік деп танылады, олардың қосқан үлесі құрылтайшылардың құжаттарында бөліп көрсетіледі; олар өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде ғана алған міндеттемесі мен тәуекелділік залалы бойынша жауап береді. Серіктестікке қатысушылардың саны елуден аспауы керек. Ол бір ғана тұлғадан тұратын, басқа да серіктестіктердің жалғыз қатысушысы ретінде болуына болмайды.

Акционерлік қоғам — өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражаттарды тарту мақсатында акция шығарумен айналысатын заңды тұлға. Қоғам акционерлері өзінің міндеттемесі бойынша жауап бермейді және олардың қызметімен байланысты өздеріне жататын акцияларының құнының шегінде тәуекелділіктен алған зиянды шегеді. Акционерлік қоғам ашық, жабық және ашық халықтық қоғам болып бөлінуі мүмкін.

Ашық акционерлік қоғам — өздерінің шығарған акциясын ашық, жеке, жабық түрде орналастыруына құқығы бар. Мұндай қоғамның қатысушылары өздеріне тиесілі акцияларды басқа акционерлердің келісімінсіз иеліктен шығара алады [2].

Мұндай қоғамның акциялары тек қана өз құрылтайшылары ішінде немесе алдын ала белгіленген тұлғалар шеңберінде таратылады. Егерде жабық акционерлік қоғамның акционерлерінің саны жүзден асып кетсе, онда келесі үш айдың барысында акционерлердің

жалпы жиналысында қоғамның типін өзгертуге, яғни ашық акционерлік қоғамға айналуына шешім қабылдауына болады.

Ашық қоғамның акциялары, бағалы қағаздардың нарығына қарап бағаланады және ондағы активтердің құны екі жүз мың айлық есепті көрсеткішті құраса және акционерлердің саны бес жүзден кем болмаса, онда ол ашық халықтық қоғам болып табылады.

Өндірістік кооператив— бірлескен кәсіпкерлік қызмет үшін мүшелік негізінде, олар өзінің еңбек етуімен тікелей қатысуының негізінде және мүліктік пайларын (үлестерін) мүшесі ретінде біріктірудің негізінде құрылған азаматтық ерікті бірлестік. Кооператив мүшесі екіден кем болмауы тиіс. Кооператив мүшелері заңда қаралған тәртіп пен деңгейде қосымша (субсидиарлық) міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болады.

Мемлекеттік кәсіпорын. Мемлекеттік кәсіпорындарға жататындар:

- шаруашылықты жүргізу құқына негізделген мемлекеттік кәсіпорын. Ол өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді, бірақ мемлекет міндеттемелері үшін жауапты болмайды;

- ағымдағы (оперативтік) басқару құқығына (қазыналық кәсіпорын) негізделген мемлекеттік кәсіпорын, Қазақстан Республикасы үкіметінің немесе жергілікті атқару органының шешімімен құрылады. Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі оның Жарғысында көрсетілген (белгіленген) мақсаттармен және міндеттермен анықталады. Қазақстан Республикасы немесе жергілікті әкімшілік-аумақтық бөлініс қазыналық кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жәрдем беру жауапкершілігін өз мойнына алады.

Коммерциялық емес ұйымдар. Оларға: мекемелер, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қорлар, тұтыну кооперативтері, діни бірлестіктер, қауымдастық (одақ) нысанындағы бірлестіктер жатады.

Шаруашылық жүргізуші субъект қызметінің мақсаттарын оның меншік иесі белгілейді. Ол егер заңмен тыйым салынбаса және субъектінің жарғысына жауап беретін болса, онда ол кез келген қызмет түрін жүзеге асыруына болады.

Мемлекеттік мүлікті басқаруға уәкілетті органдар, басқа заңды және жеке тұлғалар субъектінің құрылтайшылары бола алады. Шаруашылық жүргізуші субъектіні бір немесе бірнеше құрылтайшылар құрып, ол мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап заңды тұлға құқығына ие болуы мүмкін. Меншік иесінің рұқсатымен шаруашылық жүргізуші субъект заңды тұлға құқығы бар еншілес субъектілерді, сондай-ақ филиалдар, өкілдіктер, бөлімдер және басқа да ерекшеленген бөлімшелер құра алады.

Субъектінің құрылтайшылары (акционерлері) бекіткен жарғы негізінде қызмет етеді. Жарғының мазмұны заңға қайшы келмеуі керек. Жарғыда шаруашылық жүргізуші субъектілерінің түрлері, оның атауы, орналасқан жері, қызметінің мәні мен мақсаттары, басшысының өкілеттіктері, басқару және бақылау органдары, олардың қабілеттілігі, субъектінің мүлікті қалыптастыру және табысты бөлу тәртібі, қайта құру және қызметін тоқтату тәртібі белгіленеді. Жарғыда сондай-ақ құрылтайшылар, субъект әкімшілігі мен оның еңбек ұжымдарының арасындағы қарым-қатынастары да белгіленеді.

Негізгі қорлар мен айналым қаражаттары, сондай-ақ субъектінің дербес балансында көрсетілетін құндылықтары (мүліктері) субъектінің мүлкін құрайды.

Субъектінің мүлкін қалыптастырушы көзі болып мыналар саналады: құрылтайшылардың ақшалай, материалдық және басқа да жарналары (үлестері); қызмет нәтижесінен алынған табыстары; бағалы қағаздардан түскен табыстары; банктер мен басқа несие берушілердің кредиттері; бюджеттен берілген күрделі салымдары және демеу қаражаттары; қайтарусыз немесе қайырымдылық жарналары; ұйымдардың, кәсіпорындардың және азаматтардың құрбандықтары; Қазақстан Республикасы заңдары тыйым салмайтын өзге де табыс көздері.

Мемлекет қолданылып жүрген заңдарға сәйкес субъектінің мүліктік құқықтарын қорғауға кепілдік береді. Қазақстан Республикасы заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншік иесінің немесе оның уәкілетті органының келісімінсіз

субъектіден оның негізгі қорларын, айналым қаражаттарын және олардың пайдалануындағы басқа да мүліктерін алуына жол берілмейді.

Субъектіні басқару оның меншік иесінің жарғысына сәйкес ұйымдастырылады. Субъект басқарудың құрылымын, штаттарын, еңбекақы төлеудің жүйесін және т.б. мәселелерін дербес анықтай алады.

Субъектінің еңбек ұжымы еңбек келісім-шартының негізінде, сондай-ақ кәсіпорын иесі мен жұмыскерлердің еңбек қатынасын реттейтін басқа да келісім шарттарының нысанында, өз еңбегімен қатысушы азаматтарынан тұрады. Еңбек ұжымы меншік иесімен және әрбір жұмыс істейтін қызметкерлердің мүддесімен үйлесуін қамтамасыз етуі керек.

Ұйымның өнім шығарушы болып табылатындықтан, ол өзін-өзі қаржыландыруды және дербестік негізінде енімді шығаруды, сатуды және қызмет көрсетуді көздейді [3].

Субъект өз қызметін дербес жоспарлайды және даму болашағын, материалдық-техникалық жағдайын қамтамасыз етумен қатар, ол күрделі құрылысын да белгілейді. Ол өз өнімін, жұмысы мен қызметтерін Қазақстан Республикасы заңдарында анықталған жағдайларды қоспағанда, өз бетінше белгілеген бағасына немесе шарттардың негізінде сата алады.

Қазақстанның бухгалтерлік есеп стандарттарында және ол бойынша жасалған әдістемелік ұсыныстарында басқарушылық пен қаржылық есебін жүргізудің қоғамдық тұрғысынан танылған тәсілдері мен әдістері, ережелері мен қағидалары белгіленген, онда әрбір кәсіпорындардың техникалық базасына, олардың шешетін міндеттемелерінің күрделілігіне, басқарушы қызметкерлердің біліктілігіне қарап нақтыланған.

Кәсіпорынның бастапқы бақылауын жүзеге асыру үшін таңдап алынған тәсілдер жиынтығы, құндық өлшемдері, ағымдағы топтастыруы және бухгалтерлік есептегі шаруашылық қызметіне жасалған қорытынды шолу фактілері кәсіпорынның есептік саясатында көрініс табуы тиіс. Басқаша айтқанда, есептік саясат — бұл бухгалтерлік есептің әдісін жүзеге асыратын тетігі.

Бухгалтерлік есеп жүйесін жүргізудің жалпы қағидасы мен ережесі нормативтік-құқықтық құжаттарда белгіленген.

Оларды жүзеге асыру барысында нақты кәсіпорынның есептік саясаты келесідей жорамалдардан алынғаны жөн:

- кәсіпорын өз мүлкімен өзімен-өзі болушылығы (кәсіпорын өз балансында тек заң бойынша танылған мүліктерді ғана көрсетеді, ал қалған барлық құндылықтар мен міндеттемелер баланстан тыс шоттарда есепке алынады);

- толассыз қызметі (есеп саясатының мәселесі бойынша қандай да бір қабылданатын шешім, кәсіпорын өз қызметін болашақ кезеңде тоқтатпайтындығы немесе қызмет масштабын қысқартпайтындығы басшылыққа алынуы керек);

- есеп саясатын пайдаланудың жүйелілігі (шаруашылық операциясын көрсету әдісінің тұрақтылығы, есеп беру жылының барысында міндеттеме мен мүлікті бағалау, сондай-ақ бір есептік жылдан басқасына өткен кезде де);

- шаруашылық қызметіндегі фактілердің мерзімділік анықтылығы (әр фактілердің түскен немесе төленген кезіне қарамастан, олар өзінің орындалған немесе орын алған кезеңіне жатқызылуы керек).

Пайдаланатын есеп саясатының басты міндеті мен негізгі арналымы — кәсіпорынның қызметін барынша пара-пар көрсету, іс мүддесі үшін осы қызметтің тиімділігін реттеу мақсатында толық, объективті және шынайы ақпаратпен қалыптастыру.

### Әдебиеттер:

1. Радостовец В.К., Ғабдуллин Т.Ғ. Кәсіпорындағы бухгалтерлік есеп. Алматы, 2003.
2. Қ.К.Кеулімжаев, З.Н.Әжібаев, Н.А. Құдайбергенов. «Бухгалтерлік есеп принциптері» Оқу құралы Алматы 2003
3. С.Т. Міржақыпова «Банктегі бухгалтерлік есеп», оқу құралы. Алматы 2004